

Облыс әкімиятының "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2006-2007 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2006 жылғы 31 мамырдағы N 177 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімиятының 2006 жылғы 29 тамыздағы N 296. Маңғыстау облысының Әділет Департаментінде 2006 жылғы 11 қазанда N 1956 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.

" Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Білім туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қазақстан Республикасында орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 қаулысына сәйкес және Бейнеу ауданында "Бейнеу гуманитарлық экономикалық колледжі" Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ашылуына байланысты, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімиятының "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2006-2007 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2006 жылғы 31 мамырдағы N 177 "Маңғыстау облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 27 маусымда N 1947 болып тіркелген, "Маңғыстау" газетінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 112-113 (6918) санында жарияланған) қаулысына төмендегідей толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Ақтау қаласы N 1 кәсіптік лицейі" 3 тармақтағы "0825001 Сатушы, бақылаушы-кассир, 25, 9 сынып, орысша, 2 жыл 10 ай" сөздері алынып тасталсын, "0807001 электр жабдықтарын жөндеу электрик-слесары" мамандығы сөздері 25, 9 сынып, қазақша, 2 жыл 10 ай" сөздермен толықтырылсын.

2) мынадай 13 тармақпен толықтырылсын:

13. Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі					
	0306002 Қазақ тілі және әдебиеті	25	1 1 сынып	қазақша	2 жыл 10 ай
	0301002 Мектепке дейінгі тәрбие	25	1 1 сынып	қазақша	2 жыл 10 ай

көрсетілген қаулы қосымшасының "Орта кәсіптік білім беретін оқу орындары бойынша" тармағындағы "915" саны "965", "Облыс бойынша" тармағындағы "1725" саны "1775" санымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалауын бақылау облыс әкімінің орынбасары Г.С. Сейтмағанбетоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Көшербаев